

ЖШС «Nursultan 7» бөбекжай балабақшасы

Бекітемін:

Балабақша меңгерушісі:

Ж.Утепбергенова



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Тәрбиеші: Ақтілеу Қ.Н.

2023-2024 оқу жылы

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы балабақша: ДО «Nursultan7»

Топ: «Балбөбек» ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету): Қыркүйек айы, 2023-2024 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ҚЫРКҮЙЕК	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру. Қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау; Қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу. Негізгі қимылдар: 1) жүру. Сапта бір-бірден, екеуден (жүппен) бірқалыпты, аяқ ұшымен, тізені көтеріп жүру; әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен жүру қимылдарын үйлестіру. 2) жүгіру. Аяқтың ұшымен сапта бірқалыпты, әртүрлі бағытта жүгіру. Түрлі қимылда жүгіру: тоқтап жүгіру, қарқынды өзгертіп, жылдам жүгіру, тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру. 3) секіру. Бір орында тұрып, қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа заттарды айналып және заттардың арасымен секіру; тұрған орнынан жоғарыға секіру, сызықтан секіру; жоғарыда ілініп тұрған затқа қолды тигізіп секіру. 4) домалату, қағып алу, лақтыру. Оң және сол қолмен заттарды қашықтыққа лақтыру. Допты жоғары лақтыру, төменге (еденге) соғу, қағып алу. 5) еңбектеу, өрмелеу. Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу, тура бағытта 4-6 метр қашықтықта заттарды айналып, заттар арасымен еңбектеу. Музыкалық-ырғақтық жаттығулар. Музыкалық сүйемелдеу арқылы түрлі қарқындағы дене жаттығуларын орындау. Спорттық жаттығулар: 1) велосипед тебу. Дербес қимыл белсенділігі. Балалардың доптармен, шарлармен өз бетінше ойындарын жетілдіру; қимылдарды орындауда балалардың ептілігін, белсенділіктерін дамытып, қимылдарды мәнерлі орындауға үйрету. Сауықтыру-шынықтыру шаралары.

	Табиғи факторларды пайдалана отырып, шынықтыру шараларын жүргізу. Мәдени- гигиеналық дағдылар: 1) Күнделікті гигиеналық дағдыларды сақтауды үйрету.
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және дауыссыз дыбыстарды (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) анық айту дағдыларын дамыту; Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын ойын жаттығулары арқылы молайту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін сөздермен, жалпылаушы сөздермен толықтыру; қарама-қарсы мағыналы сөздерді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстырып айту дағдыларын жетілдіру. Байланыстырып сөйлеу. Заттарды, суреттерді қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау барысында байланыстырып сөйлеуге үйрету.
Көркем әдебиет	Балалардың кітапқа деген қызығушылықтарын ояту; жаңа ертегілерді, әңгімелерді тыңдата отырып, шығармадағы кейіпкерлерге деген жанашырлыққа тәрбиелеу.
Қазақ тілі	Балаларды қазақ тіліне тән дыбыстармен таныстырып, осы дыбыстармен берілген сөздерді дұрыс айта білуге үйрету.
Математика негіздері	Сан: «Көп» және «бір» ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру. Заттарды санауда осы түсініктерді қолдану дағдыларын кеңейту. Шама. Екі затты өлшемдері бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыруға үйрету. Геометриялық пішіндер: 1) балаларды геометриялық пішіндермен (үшбұрыш, шаршы, дөңгелек) таныстыру. Кеңістікте бағдарлау. Өзінің дене мүшелерін бағдарлай білуге үйрету; астында-үстінде, оң-сол кеңістік бағыттарын анықтай білуге дағдыландыру. Уақытты бағдарлау. Күндіз-түнде, таңертең-кешке тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыру.
Қоршаған ортамен таныстыру	Тірі және өлі табиғат құбылыстары мен заттары: Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы түсініктерін қалыптастыру. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер: Балалардың ауа-райының күнделікті жай-күйі (суық, жылы, ыстық, салқын, аяз) туралы түсініктерін кеңейту. Өсімдіктер әлемі: Балалардың туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру және бекіту.

	Жануарлар әлемі: Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту, олардың қоректенуі туралы түсініктерін кеңейту. Бала, оның отбасы, үйі: «Мен» бейнесін қалыптастыру, өз іс-әрекеттерін оң бағалауға ықпал ету. Заттық әлем. Балаларға заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру.
Құрастыру	Балалардың құрастыруға қызығушылықтарын қалыптастыру, сондай-ақ балаларды конструкторлардың түрлерімен таныстыру. Құрастыру дағдыларын дамыту.
Сурет салу	Заттық сурет салу Түрлі бағытта көлденең және тік сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білу дағдыларын қалыптастыру. 1) көкөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойншықтарды бейнелеу, дөңгелек пішінді заттардың суретін салу.
Мүсіндеу	Заттық мүсіндеу. Балаларды сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен таныстыру. Сазбалшық пен ермексазды пайдала отырып, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдері арқылы көкөністер мен жемістерді мүсіндеуге үйрету.
Жапсыру	Балалардың жапсыру әрекетіне деген қызығушылықтарын арттыру. Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасау дағдыларын жетілдіру.
Музыка	Музыка тыңдау. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұнын түсініп, көңіл-күйін қабылдай білулерін қалыптастыру, әннің мазмұнын түсіну дағдыларын жетілдіру. Ән айту. Әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту, т.б.) дағдыларын қалыптастыру; Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыкамен жүру, жүгіруді ырғақты орындай білуге үйрету. Билер. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту; екі аяқпен және бір аяқпен секіру дағдыларын дамыту. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды сыбызғы, сылдырмақ аспаптарымен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен кеңінен таныстыру.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы балабақша: ДО «Nursultan7»

Топ: «Балбөбек» ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету): Қазан айы, 2023-2024 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ҚАЗАН	Дене шынықтыру	<i>Жалпы дамытушы жаттығулар.</i>Допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алдыға) беру, жан-жаққа (солға-оңға бұрылу); аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта), аяқты бүгі және созу. <i>Негізгі қимылдар:</i> 1) жүру. Тізені жоғары көтеріп, сапта әр түрлі бағытта жүру; жан-жаққа баяу айналу қимылдарын қайталау. 2) жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, шашырап жүгіру. 3) секіру. 15-20 см биіктіктен секіру, заттарды айналып немесе заттар арасымен секіру. 4) домалату, қағып алу, лақтыру. Допты кеуде тұсынан лақтыру, допты қашықтыққа лақтыру және қағып алу. 5) еңбектеу, өрмелеу. Заттарды айналып немесе заттардың арасымен еңбектеу. <i>Музыкалық-ырғақтық жаттығулар.</i>Таныс жаттығуларды түрлі қарқында музыкалық сүйемелдеумен орындау. <i>Спорттық жаттығулар:</i> 1) велосипед тебу, гидроаэробика элементтері. <i>Дербес қимыл белсенділігі.</i> Балаларды дербес қимыл әрекеттерін мәнерлі орындауға баулу. <i>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</i> Ересектердің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. <i>Мәдени-гигиеналық дағдылар:</i> Тамақтанар алдында қолды жуу, орындықта дұрыс отыру дағдыларын меңгерту.
	Сөйлеуді дамыту	<i>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</i> Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. <i>Сөздік қор.</i>

	Сөздік қорды жалпылаушы сөздермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақтарда қолдануды жүзеге асыру. Байланыстырып сөйлеу. Балаларды шығармаларды тыңдағаннан кейінгі әсерлерімен бөлісуге үйрету.
Көркем әдебиет	Кітаптардағы суреттерді балалармен бірлесе қарау, балалардың пікірлерін тыңдау, суреттерді әңгімелеуге дағдыландыру.
Қазақ тілі	Балаларға күнделікті жиі қолданылатын сөздердің мағынасын түсіндіріп, оларды ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолдану дағдыларын дамыту.
Математика негіздері	Сан: Заттардың санын ажыратуға үйрету. Шама. Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа) салыстыру. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыруға үйрету.
Қоршаған ортамен таныстыру	Заттық әлем: Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру. Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Менің Отаным – Қазақстан Балалар тұратын қала мен ауыл, еліміздің астанасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту. Көлік байланыс құралдары: Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.
Құрастыру	Негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету. Балаларды өздерінің құрастырған құрылысын талдауға баулу.
Сурет салу	Балаларға сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстай білуді үйрету. Қылқаламмен жұмыс жасау дағдыларын дамыту.

Мүсіндеу	Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды (ойыншықтар, ыдыстар) мүсіндеуді жүзеге асыру. Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.
Жапсыру	Балаларды қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімдерін бекіту.
Музыка	<i>Музыка тыңдау.</i> Музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. <i>Ән айту.</i> Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі дауысына бейімделу дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы балабақша: ДО «Nursultan7»

Топ: «Балбөбек» ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету): Қараша айы, 2023-2024 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ҚАРАША	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау; қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу. Негізгі қимылдар: Жүгіру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 сек ішінде) жүгіру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз етуді жүзеге асыру. Мәдени-гигиеналық дағдылар: Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемей.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ә, ө, к, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен өзара диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және түсінікті түрде жауап беруге дағдыландыру.
	Көркем әдебиет	Кітаптарға деген қызығушылықтарын ояту. Балаларды такпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын бере білуге баулу.

Қазақ тілі	Балаларға туыстық қатынасты білдіретін сөздерді меңгертіп, оны түсініп, ауызекі сөйлеу кезінде қолдануға үйрету.
Математика негіздері	Сан: Біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған орталаң бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру. Шама: Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.
Қоршаған ортамен таныстыру	Заттық әлем. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру. Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгерту. Еңбекке баулу. Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық танытуға баулу. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттеріне қолдау көрсету.
Құрастыру	Балаларды ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату.
Сурет салу	Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым негізгі элементтерін қайталап салуға баулу. Сурет салу барысында қауіпсіздікті сақтай отырып, балаларды ұқыптылыққа баулу.
Мүсіндеу	Жеке жұмыстарды ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.
Жапсыру	Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу. Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану дағдыларын қалыптастыру.
Музыка	Музыка тыңдау. Балаларды музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға үйрету. Музыка аспаптарының дыбысталуын ажырата білулерін жетілдіру. Ән айту.

		Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтай білуге үйрету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастауға және аяқтауға баулу. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспаптардың дыбысталуын ажырата білуге үйрету.
--	--	---

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы балабақша: ДО «Nursultan7»

Топ: «Балбөбек» ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету): Желтоқсан айы, 2023-2024 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ЖЕЛТОҚСАН	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар. Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою; қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру; отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау, таяқтың, білікшенің (диаметрі 6-8 см) бойымен қосалқы қадаммен жүру. Негізгі қимылдар: Домалату, қағып алу, лақтыру. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 метр қашықтық), төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5-2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру. Қимылды ойындар. Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды өзара үйлестіруге, кеңістікті дұрыс бағдарлауға, «тұр», «ұста», «жүгір» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату.
	Сөйлеуді дамыту	Сөздік қор. Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ыдыс, жиһаз, ойыншықтар, киім) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Зат есімдерді алдында, артында, жанында, үстінде, астында секілді көмекші сөздермен бірге қолдана білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылықтарын ояту.
	Көркем әдебиет	Оқылған шығармадағы ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.

Қазақ тілі	Балаларға қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жаатқа айтуға үйрете отырып, балалардың сөйлеу тілін жетілдіру, дамыту.
Математика негіздері	Сан: Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру. Геометриялық пішіндер: Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.
Қоршаған ортамен таныстыру	Өсімдіктер әлемі: Кейбір жемістер мен көкөністердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдіктің негізгі бөлімдерін білу. Бала, оның отбасы, үйі: Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді карауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, өзінің отбасы, отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал, іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.
Құрастыру	Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
Сурет салу	Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану.
Мүсіндеу	Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ойыншықтар, ыдыстар). Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.
Жапсыру	Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша, орамал жасауға үйрету. Пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, заттардың бейнесін жасауға

		дағдыландыру.
	Музыка	Музыка тыңдау. Музыкалық шығармалардың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұзды, көңілді) байқауға үйрету. Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: әнді бір қарқында таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы балабақша: ДО «Nursultan7»

Топ: «Балбөбек» ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету): Қаңтар айы, 2023-2024 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ҚАҢТАР	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар. Кеудеге арналған жаттығулар: Допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға-оңға) бұрылу; солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта); аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта); аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; нықтарды жоғары көтеріп, қолды жан-жаққа созып еңкею (етпетінен жатқан қалыпта). Негізгі қимылдар: Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету. Дербес қимыл белсенділігі. Қарапайым еңбек дағдылары: еңбектеу, өрмелеуді дамытып, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Табиғи факторларды пайдалана отырып, шынықтыру шараларын жүргізу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісін тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға үйрету.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Балалардың сөйлеу тілінің артикуляциясын дамыту, тілін жаттықтыру мақсатында жаңылтпаштар айту. Сөздік қор. Балаларға жұмбақ жасыру, жаңылтпаш, санамақтар айтқызу арқылы, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Балалардың сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай өзара байланыстыру дағдыларын қалыптастыру. Сөйлемдер құрауда алдында, жанында, үстінде, астында сынды көмекші сөздерді қолдануға үйрету.

Көркем әдебиет	Қарапайым ертегі көріністерінің желісін ересектермен бірлесе отырып ойнау, сол арқылы кейіпкерлердің мінез-құлқы мен эмоциясын, жүріс-тұрысын бере білуге үйрету.
Қазақ тілі	Балалардың кітаптағы суреттерді, ойыншықтар мен заттарды қарай отырып, қойылған сұрақтарға толыққанды жауап беру дағдыларын қалыптастыру.
Математика негіздері	Геометриялық пішіндер: Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. Уақытты бағдарлау. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауға үйрету: таңертең-кешке, күндіз-түнде, т.б.
Қоршаған ортамен таныстыру	Табиғаттағы маусымдық өзгерістер: Табиғат құбылыстарын бақылау арқылы қыс мезгіліндегі ауа-райының жай-күйін байқап, сипаттауға үйрету. Жануарлар әлемі: Қазақстанды мекендейтін жабай жануарлар туралы түсініктерін қалыптастыру. Бала, оның отбасы, үйі: Балалардың бойындағы дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау, тазалықты сақтау. Жолда жүру ережелері. Көлік құралдарының түрлерімен балаларды таныстыру, алғашқы білім негіздерін қалыптастыру.
Құрастыру	Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, т.б. қолдана отырып, жаңа ғимараттар салуға баулу.
Сурет салу	Сурет салу барысында қылқаламмен дұрыс жұмыс жасау дағдыларын дамыту. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету.
Мүсіндеу	Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіруге үйрету.
Жапсыру	Балаларға желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану.

Музыка	Музыка тыңдау. Ересектердің орындауындағы аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. Музыкалық шығармаларды соңына дейін тыңдай білуге баулу. Ән айту. Ересектердің дауысына ілесе отырып, әнді олармен бірге айту, әнді бірге бастап бірге аяқтауға үйрету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.
--------	--

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы бөлімшесі: ДОО «Nurgultan7»

Топ: «Балбөбек» ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету): Ақпан айы, 2023-2024 оқу жылы

Аяы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету. Музыкалық-ырғақтық жаттығулар. Музыкалық сүйемелдеу арқылы түрлі қарқындағы дене жаттығуларын орындау. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Серуен кезінде балалардың қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға деген қызығушылықтарын арттыру. Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру: Дене белсенділігі (танертеңгілік жаттығу, шынықтыру шаралары, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсініктерін қалыптастыру. Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен кеңірек таныстыру.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды анық айту дағдыларын дамытып, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін жетілдіру. Байланыстырып сөйлеу. Балалардың бойында ересектердің сөзін мұқият тыңдау және түсінуін қалыптастыру, сөйлеу әдебінің формаларын дұрыс қолдануға үйрету. Қойылған сұрақтарға толыққанды жауап берулерін қалағалау.
	Ұлкен әдебиет	Жаңа ертегі-әңгімелерді тыңдай білуге, шығарма кейіпкерлеріне қамқорлық, жанашырлық танытуға үйрету. Кейіпкерлердің іс-әрекеттерінің салдарларын балалармен бірге талқылау.
	Ұлкен тілі	Балаларды ертегілермен және шағын мазмұнды шығармалармен таныстыра отырып, тыңдап болған сон мазмұнын өз бетінше жеткізе білуге дағдыландыру.

Математика негіздері	Сан: Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру. Заттарды көре отырып, өзара салыстыруға баулу. «Қайсысы артық?», «Қайсысы кем?» сұрақтарына жауап беруге үйрету. Шама. Ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем өлшемдері бойынша екі затты өзара салыстыруға үйрету. Уақытты бағдарлау. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: таңертең-кеш, күндіз-түн.
Қоршаған ортамен таныстыру	Заттық әлем. Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыс-аяқтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету. Еңбекке баулу. Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу. Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау. Топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау), ойнау барысында ұсақ заттармен қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).
Құрастыру	Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға балаларға мүмкіндік беру, сондай-ақ өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу.
Сурет салу	Бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеуге үйрету. Сурет салу барысында қауіпсіздікті сақтап, ұқыптылыққа тәрбиелеу.
Мүсіндеу	Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.
Жапсыру	Заттардың пішіні мен түсі туралы білімдерін кеңейту. Берілген дайын пішіндерді пайдалана отырып, заттардың (аққала, қар, шана, т.б.) бейнесін жасау, пайда болған бейнені қағазға

	жапсыру.
Музыка	Музыка тыңдау. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білулерін жетілдіру. Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыканың сүйемелдеуімен шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүру, жүру мен жүгіруді ырғақты орындауға үйрету. Билер. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындар кезінде таныс би қимылдарын қайталау.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы балабақша: ДО «Nursultan7»

Топ: «Балбөбек» ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету): Наурыз айы, 2023-2024 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
НАУРЫЗ	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Секіру. Бір орында тұрып, қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа заттарды айналып және заттардың арасымен секіру; тұрған орнынан жоғарыға секіру, сызықтан секіру; жоғарыда ілініп тұрған затқа қолды тигізіп секіру; 15-20 сантиметр биіктіктен секіру. Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. Денсаулықтың құндылығы туралы түсініктерін дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктермен қамтамасыз ету. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуларын қамтамасыз ету. Ересектердің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасату. Мәдени-гигиеналық дағдылар: Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу кезінде балалардың дұрыс тыныс алуын, дыбыстарды дұрыс естуін дамыту. Өзіне айтылған сөздерді тыңдай отырып, оны түсіну дағдыларын жетілдіру. Сөздік қор. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдана білу дағдыларын қалыптастыру. Байланыстырып сөйлеу. Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен

	сипаттап айтып беруге баулу.
Көркем әдебиет	Балалардың шығармалар мен сюжеттерді эмоционалды тұрғыда қабылдауын қалыптастырып, кейіпкерлерге жанашырлық сезімдерін көрсетуге тәрбиелеу. Тақпақтар мен өлеңдерді мәнерлеп жатқа айтуға үйрету.
Қазақ тілі	Балалардың ауызекі сөйлеуі кезінде бұйрық райлы етістіктерді жеке қолдану дағдыларын дамыту.
Математика негіздері	Сан: Балалардың қоршаған ортадағы заттардың тең немесе тең емес екендігін ажыратуын қалыптастыру. Шама. Ұзындығы (ұзын-қысқа), ені (биік-аласа), биіктігі (биік-аласа), жалпы шамасы бойынша заттарды салыстыру дағдыларын одан әрі жетілдіру. Геометриялық пішіндер: Үшбұрыш, шаршы, дөңгелек сынды пішіндерді ұстау және көру тәсілдері арқылы пішіндерді атап, зерттеулеріне мүмкіндік беру.
Қоршаған ортамен таныстыру	Тірі және өлі табиғат құбылыстары мен заттары: Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру. Тірі және өлі табиғат туралы білімдерін одан әрі толықтыру, байыту. Өсімдіктер әлемі: Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Өсімдіктің атауларымен қоса, оның негізгі бөліктерін танып, атай білуге үйрету. Заттық әлем. Балаларды қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті дұрыс бағдарлай білуге үйрету. Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу: Балаларды өз өмірінің қауіпсіздігін сақтауға (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу) дағдыландыру.
Құрастыру	Құрастыру барысында бөлшектерді тік және көлденең бағытта орналастыру тәсілдерін қолдануға үйрету, ойдан құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.
Сурет салу	Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Құмға таяқшалармен,

	асфальтқа бормен, сондай-ақ өз бетінше ойдан сурет салу дағдыларын қалыптастыру.
Мүсіндеу	Сазбалшық кесектерінен бөліп алу, ширату, созу, домалату және жаю тәсілдерін пайдалана отырып, жеміс-жидектер мен көкөністерді мүсіндеуге үйрету. Мүсіндеу барысында балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу.
Жапсыру	Балаларды жапсыру барысында қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, бүктеу, умаждау, т.б.) кеңірек қолдануға баулу. Берілген дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастырып, заттардың бейнесін жасау дағдыларын дамыту.
Музыка	Музыка тыңдау. Эртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге үйрету. Шығарманы соңына дейін тыңдауға баулу. Ән айту. Балалардың ән айту дағдыларын дамыту: ре (ми) – ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айтып, сөздерді анық айтуға жаттықтыру. Билер. Балалардың берілген музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойын барысында қолдануларына мүмкіндік беру. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы балабақша: ДО «Nursultan7»

Топ: «Балбөбек» ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету): Сәуір айы, 2023-2024 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
СӘУІР	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Тепе-теңдікті сақтау. Тепе теңдікті сақтай отырып, бір қырымен косалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр), аркан бойымен жүру, тура жолмен, бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүру. Музыкалық-ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрыннан білетін жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау. Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу. Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. Адамның денсаулығына пайдалы (көкөністер, жеміс-жидектер, сүт өнімдері) және сонымен қатар зиянды тағамдар (тәттілер, бәліштер, тәтті газдалған сусындар) туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдылар: Мәдени гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ә,ө,қ,ұ,ү дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдауын және түсінулерін дамыту. Сөздік қор. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас», т.б.), тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Байланыстырып сөйлеу. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге,

	кейіннен өздігінен қайталап айтуға үйрету. Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, өзара әңгімелесе білуге баулу.
Көркем әдебиет	Балаларға оқылған шығармалардағы ең қызықты, ең мәнерлі үзінділерді қайталау, сондай-ақ сөздер мен сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Балалармен бірлесе отырып, кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен оның салдарларын талқылау, балаларды ойын еркін жеткізулеріне ықпал ету.
Қазақ тілі	Балалардың берілген ақпаратты мұқият тыңдай отырып, мазмұнын баяндауын, соған сәйкес өзінің ойын еркін білдіруге үйрету.
Математика негіздері	Сан: Біртекті заттарды топтастыру, оларды бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу туралы білімдерін одан әрі нығайту. Кеңістікте бағдарлау. Үстінде-астында, оң-сол, алдында-артында ұғымдары арқылы балалардың кеңістікті және өзінің дене мүшелерін бағдарлау дағдыларын дамыту. Уақытты бағдарлау. Қарама-қарсы тәулік бөліктері туралы білімдерін кеңейту, байыту.
Қоршаған ортамен таныстыру	Табиғаттағы маусымдық өзгерістер: Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін білуге үйрету. Заттық әлем. Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Сөйлеу кезінде заттардың атауларын белсенді қолдану, атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгерту. Адамгершілікке баулу Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйрету (амандасу, қоштасу, көмек көрсеткені үшін алғыс айту, т.б.). Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалықты сақтауға үйрету.
Құрастыру	Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және

	кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға үйрету, өзінің тұрғызған құрылысын талдап, айтып беруге баулу.
Сурет салу	Сурет салудың дәстүрден тыс түрлеріне қызығушылықтарын қалыптастыру. Балаларға сурет салу барысында тік және көлденең сызықтарды пайдаланып, сызықтарды, штрихтарды, баяуларды ретімен қолдана білуге дағдыландыру.
Мүсіндеу	Балалардың мүсіндейтін заттарын зерттеп, мүсіндеудің домалату, ширату, созу, бөліп алу, жаю тәсілдерін пайдалануға баулу. Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеуге үйрету.
Жапсыру	Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне дұрыс орналастыру және оны жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға үйрету. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімдерін кеңейту.
Музыка	Музыка тыңдау. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, асатаяқ, т.б.) дыбысталуын ажырата білулерін жетілдіру, оларды қарапайым ырғақпен соғуды үйрету. Ән айту. Балаларды әннің қарқынына сай топпен қосылып ән айтуды, әнді барлығымен бірге бастап, бірге аяқтауға дағдыландыру. Билер. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар жасауға үйрету.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы балабақша: ДОО «Nursultan7»

Топ: «Балбөбек» ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету): Мамыр айы, 2023-2024 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
	Дене шынықтыру	Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру. Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру. Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін білу. Спорттық жаттығулар. Жүзу және гидроаэробика элементтері. Суда түсу, жүгіру, ойнау, суда билеу. Жүзуді үйрету (тиісті жағдайлар болған кезде). Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау. Мәдени-гигиеналық дағдылар: Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білуге үйрету. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру; үстел басында мәдениетті тамақтануға үйрету. Өткенді қайталау.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын дамыту барысында санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт, т.б.). Өткенді қайталау.
	Көркем әдебиет	Әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдау және түсіну дағдыларын одан әрі дамыту. Ересектермен

	бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнай отырып, кейіпкерлердің эмоционалды көңіл-күйін ерекше көрсете білуге үйрету. Өткенді қайталау.
Қазақ тілі	Балаларға сөз тіркестерінің мәнін түсіндіріп, өз бетінше қысқа мазмұнды сөз тіркестерін құрап, оны ауызекі сөйлеу кезінде қолдануға үйрету.
Математика негіздері	Сан: Балаларды «бір» және «көп» ұғымдарын ажырата білуге үйрету. Қоршаған ортада өзара «тең» және «тең емес» заттар тобын салыстыруға дағдыландыру. Заттарды санай отырып, оларды өзара салыстыруға баулу. Шама. Балаларды өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыруға, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, т.б.) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыруға үйрету. Уақытты бағдарлау. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды дамыту: күндіз-түнде, таңертең-кешке. Өткенді қайталау.
Қоршаған ортамен таныстыру	Көлік, байланыс құралдары: Балаларды жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру. Еңбекке баулу. Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға дағдыландыру. Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу. Адамгершілікке баулу. Балаларда дұрыс немесе дұрыс емес, жақсы немесе жаман әрекеттер қылықтар туралы қарапайым түсініктерін дамыту, әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (жанашыр, мейірімді, қамқор, іскер, еңбекқор, ұқыпты, т.б.) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру. Өткенді қайталау.
Құрастыру	Балалардың құрастыруға қызығушылықтарын арттыру. Құрастыру барысында ұсақ қол моторикасын дамыту. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Ойдағы құрастыру дағдыларын жетілдіру. Өткенді қайталау.

Сурет салу	Балаларды қызыл, сары, жасыл, көк негізгі түстерді қолдана отырып, сюжеттік композициялар салуға үйрету. Өз бетінше ойдан сурет салуға балаларды ынталандыру. Өткенді қайталау.
Мүсіндеу	Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған заттарды мүсіндеу, оларды сәнді етіп безендіруге баулу. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Өткенді қайталау.
Жапсыру	Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру дағдыларын жетілдіру. Жапсыру кезінде балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу. Өткенді қайталау.
Музыка	<i>Музыка тыңдау.</i> Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. <i>Ән айту.</i> Балаларды әннің сипатын (көңілді, созып, ойнақы айту) дұрыс жеткізуге ынталандыру. Әнді бірге бастап, бірге аяқтауға баулу. <i>Билер.</i> Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбанды жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Өткенді қайталау.